

«ҚазТрансОйл» АҚ
Бас директорының
(Басқарма төрағасының)
2017 жылғы 26 маусымдағы
№ 111 бұйрығымен
бекітілді

«ҚазТрансОйл» АҚ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары
(11.02.2022 ж. жағдай бойынша толықтырумен)

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директордың (Басқарма төрағасының) м.а. 2022 жылғы 11 ақпандағы № 9 бұйрығына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына толықтыру енгізілген.

1. «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленді және құндылықтар мен моральдық бағдарлар жасау арқылы жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

2. Қоғам жұмыскерлеріне ұсынылады:

1) өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу, басқа жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесу;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақиқат ақпарат бойынша мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде барлық қажетті шараны қабылдау;

өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты сақтау, адалдық, сатылмаушылық және ашықтық қағидаттары негізінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

сыбайлас жемқорлыққа негізсіз жария айып таққан ретте осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде оны бекерлеу жөнінде шаралар қабылдау;

2) өз құзыреті аясында басқарушылық және өзге де шешімдер дайындау және қабылдау кезінде:

жеке және/немесе заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекетке (әрекетсіздікке) жол бермеу. Мұндай фактілер анықталған жағдайда оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

Қоғам қызметіне жағымсыз әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауының алдын алудың барлық мүмкіндігін пайдалану;

жеке мүдделері және үшінші адамдардың мүдделері үшін тексерулерге бастамашылық жасауға жол бермеу;

жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және солармен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

мүдделер қақтығысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау, ал мүдделер қақтығысы пайда болған ретте оны Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды адамдарының және жұмыскерлерінің мүдделері қақтығыстарын реттеу саясатына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

3) Қоғам ішкі құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін жағдайлардың туындауын болдырмау;

Ішкі құжаттарға жұмыскерлердің құқыққа қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қарсы сипаттағы іс-әрекеттер жасауы үшін алғышарттар туындататын сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау және олардағы тиісті алдын алу шараларының көрінісі мәніне талдау жасау;

4) өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

басшыларға бағынышты жұмыскерлерімен өзара қатынаста ұсынылады:

өз қылығымен туралықтың, әділдіктің, риясыздықтың, адалдықтың және тұрақтылықтың үлгісі болу;

меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету, кадр мәселелерін шешу кезінде туысқандық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;

олардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ марапаттау шараларын және тәртіптік жаза қолдану кезінде адалдық пен шынайылық көрсету;

жұмыстан тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың жұмысына әсер ету үшін лауазымдық жағдайын пайдаланбау;

басқаруындағы Қоғам жұмыскерлері арасында еңбек жүктемесін әркелкі бөлуге жол бермеу;

құқыққа қарсы әрекеттерді, сондай-ақ жалпы қабылданған мораль-әдеп нормаларына сай келмейтін әрекеттерді жасауға мәжбүр етпеу;

Бағыныштыларға басшылармен өзара қатынаста ұсынылады:

тапсырмаларды орындау кезінде объективті және ақиқат мәліметтерді ғана беруге, басшыларды басқа жұмыскерлер/үшінші адамдар іс-әрекетіндегі өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы тез арада хабардар етуге;

басшыларға қатысты жеке берілгендікке, олардың, лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылық алуға ұмтылуға жол бермеу.

3. Қоғам жұмыскерлері мыналар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Қоғамның ішкі құжаттары белгілеген шектеулерді және тыйымдарды сақтауға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен жұмысына жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игілік және басымдылық алу немесе табу мақсатында жариялауға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты сыйлықтар алу*.

«4. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) өзіне тікелей бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.».

*Қоғам Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№ 3/2010 хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Топтық этика кодексі сыйлықтарды беру және алу шектеулерін белгіледі.